

Петропавл қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қаңтарда № 7437 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Петропавл қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес, Петропавл қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес, Петропавл қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Петропавл қалалық мәслихат хатшысы

А. Бердагулов

2022 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 3 шешіміне

1-қосымша

Петропавл қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілердің түрлері	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,07 2,20
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,80
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,20
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,20
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,40

6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,50
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	3,70
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,20
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,50
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,40
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,004
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,009
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1 м2	0,60
15	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,80
16	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,10
17	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,80
18	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,90
19	Жағажайлар, жолдардан көше сыпырындысы	Жалпы алаңы 1 м2	0,10
20	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,40
21	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автомобиль жөндеу орталығы	1 машина-орын	3,40
22	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	5,40
23	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	1,75

24	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	9,00
25	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,65
26	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	1,90
27	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	2,10
28	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,42
29	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	1,88
30	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,56

2022 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 3 шешіміне

2-қосымша

Петропавл қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1) Петропавл қалалық мәслихатының "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" 2018 жылғы 27 тамыздағы № 4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4915 болып тіркелген);

2) Петропавл қалалық мәслихатының "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 29 наурыздағы № 1 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5336 болып тіркелген);

3) Петропавл қалалық мәслихатының "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 2 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6280 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК